

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

2 (414)

MARCH – APRIL 2025

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры, Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Астана, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

РИШЕЛЬ Мариновски, білім беру саласындағы PhD, Летбридж университеті педагогика факультетінің профессоры, (Альберта, Канада), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К.Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің кәсіби білім беру педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

ӘБІЛДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар мен мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

БОЛАТБАЕВА Күлжанат Нұрымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Астана, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

ПЕТР Хайек, PhD, Юникорн университеті, Қаржы департаментінің қауымдастырылған профессоры (Чех Республикасы), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

ЖҰМАН Жаппар, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА құрметті академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қолданбалы зерттеулер орталығының директоры (Алматы, Қазақстан). <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилянская академия» ұлттық университеті кафедрасының меңгерушісі (Киев, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихқызы, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Такырыптық бағыты: *«іргелі ғылым салалары бойынша жаңа жетістіктердің нәтижелерін жариялау»*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования, заведующая кафедрой методики преподавания математики, физики и информатики КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

РИШЕЛЬ Мариновски, PhD в области образования, профессор факультета педагогики Летбриджского университета, (Альберта, Канада), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Астана, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

ПЕТР Хайек, PhD, университет Юникорн, ассоциированный профессор Департамента финансов, (Чешская Республика), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

ЖУМАН Жаппар, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель Казахстана, почетный академик НАН РК, директор Центра Международных прикладных исследований Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: «публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук».

Периодичность: 6 раз в год.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2025

EDITOR-IN-CHIEF:

ABYLKASSIMOVA Alma Yesimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Center for the Development of Pedagogical Education, Head of the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Computer Science at Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:

SEMBIEVA Lyazzat Myktybekovna, Doctor of Economics, Professor of the Eurasian National University (Astana, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

EDITORIAL BOARD:

RICHELLE Marynowski, PhD in Education, Professor, Faculty of Education, University of Lethbridge, (Alberta, Canada), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

SHISHOV Sergey Evgenievich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education, Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-Chief of the journal “Standards and Monitoring in Education” (Moscow, Russia), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

BULATBAEVA Kulzhanat Nurymzhanovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

PETR Hájek, PhD, Unicorn University, Associate Professor, Department of Finance, (Czech Republic), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

JUMAN Jappar, Doctor of Economics, Professor, Honorary Academician of NAS RK, Honored Worker of Kazakhstan, Director of the Center for International Applied Research Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

LUKYANENKO Irina Grigorievna, Doctor of Economics, Professor, Head of Department of the National University of Kyiv-Mohyla Academy (Kyiv, Ukraine), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

YESIMZHANOVA Saira Rafihevna, Doctor of Economics, Professor of the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *«publication of the results of new achievements in the field of fundamental sciences»*

Periodicity: 6 times a year.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2025

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2. Number 414 (2025), 109–121

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.916>

FTAMP 14.35.07
ӨОЖ 378.14.015.62

B.B. Bexultan*, Zh.M. Zhaxsibayeva, 2025.

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru

EVALUATION OF THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN A SCHOOL CHEMISTRY COURSE

Bexultan Bekzat Bakhytkyzy – PhD student, Kazakh National Pedagogical University named of Abay, Almaty, Kazakhstan, E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru, ORCID ID: 0009-0005-9164-100X;

Zhaxsibayeva Zhanar Muratovna – candidate of chemical sciences, senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan, E-mail: zhanarkaznpu@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5751-6791.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the pedagogical potential and effectiveness of using digital technologies in teaching chemistry in general education schools. In the context of today's information society, the digitalization of the education system is a crucial factor in improving the quality of learning, enhancing students' cognitive activity, and developing their research skills. Chemistry, as a subject rich in abstract concepts and requiring the acquisition of practical skills, highlights the growing relevance of integrating digital resources into the teaching process. Digital technologies improve the quality of education by enabling visualization, interactivity, and individualized learning. Furthermore, they stimulate students' interest in the subject and contribute to the development of scientific thinking.

The study included a survey conducted among chemistry teachers and students of grades 8–11 from general education schools in the Almaty district of Almaty city. A total of 23 teachers and 220 students participated. The results showed that digital technologies contribute to the personalization of the educational process and facilitate the implementation of visual and active teaching methods. While most teachers acknowledged the effectiveness of digital tools, some reported a lack of sufficient skills to use them effectively.

The article examines the advantages and limitations of both domestic and international platforms such as Bilimland, VirtualLab, Chemist, and Labster. These platforms allow for consideration of students' individual learning pace and foster the development of practical skills in a safe environment. They also encourage participation in scientific projects and preparation for academic competitions.

The study's results have wide potential for practical implementation. Increasing teachers' digital competence through methodological guides and training, and integrating virtual laboratories into the curriculum, will help create an effective and accessible learning environment, including for remote education.

Keywords: digital technologies, teaching, chemistry, school, education, tasks, experiment, experience, digital learning resources.

Б.Б. Бексұлтан, Ж.М. Жаксимаева, 2025.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан.

E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru

МЕКТЕПТЕГІ ХИМИЯ КУРСЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ БАҒАЛАУ

Бексұлтан Бекзат Бақытқызы – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru, ORCID ID: 0009-0005-9164-100X;

Жаксимаева Жанар Муратовна – химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: zhanarkaznpu@mail.ru ORCID ID: 0000-0002-5751-6791.

Аннотация: Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептің химия курсына цифрлық технологияларды пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесін цифрландыру – оқыту сапасын арттырудың, оқушылардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік дағдыларын дамытудың маңызды алғышарты болып отыр. Химия пәні абстрактілі ұғымдарға бай әрі тәжірибелік машықтарды қажет ететін сала болғандықтан, онда цифрлық ресурстарды қолдану ерекше маңызға ие. Цифрлық технологиялар визуализация, интерактивтілік және дербес оқытуды жүзеге асыру арқылы оқыту процесінің сапасын арттырады. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ынталандырып, ғылыми ойлау қабілетін дамытады.

Зерттеу барысында Алматы қаласының Алмалы ауданындағы жалпы білім беретін мектептердің химия пәні мұғалімдері мен 8–11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Барлығы 23 мұғалім мен 220 оқушы қамтылды. Сауалнама нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану оқу процесін жекешелендіруге, көрнекілік пен белсенді оқыту әдістерін кеңінен енгізуге ықпал ететінін көрсетті. Мұғалімдердің көпшілігі цифрлық құралдардың тиімді екенін мойындағанымен, кейбіреуі оларды қолдану дағдыларының жеткіліксіздігін атап өтті.

Мақалада Bilimland, VirtualLab, Chemist, Labster секілді отандық және шетелдік виртуалды зертханалар мен онлайн платформалардың артықшылықтары мен шектеулері қарастырылған. Аталған ресурстардың

көмегімен оқушылардың дербес оқу жылдамдығын ескеріп, қауіпсіз ортада тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасалады. Бұдан бөлек, бұл платформалар арқылы оқушылар ғылыми жобаларға қызығушылық танытып, олимпиадаларға дайындалуға мүмкіндік алады. Зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігі мол. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен біліктілікті арттыру курстары арқылы цифрлық платформаларды меңгеру деңгейін арттыруға болады. Цифрлық зертханалар мектеп бағдарламасына интеграцияланып, қауіпсіз әрі қолжетімді оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл ресурстар оқушылардың жеке оқу траекторияларын қалыптастырып, өз бетімен білім алуына, сондай-ақ қашықтан оқыту жағдайында да тиімді пайдалануға мүмкіндік береді

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, оқыту, химия, мектеп, білім беру, тапсырмалар, эксперимент, тәжірибе, цифрлық оқыту ресурстары.

Б.Б. Бексултан, Ж.М. Жаксибаева, 2025.

Казахский национальный университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru

ОЦЕНКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ ХИМИИ

Бексултан Бекзат Бакытқызы – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: bekzat.beksultan@bk.ru, ORCID ID: 0009-0005-9164-100X;

Жаксибаева Жанар Муратовна – кандидат химических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: zhanarkaznpu@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5751-6791.

Аннотация. В статье всесторонне анализируются педагогические возможности и эффективность применения цифровых технологий в курсе химии общеобразовательной школы. В условиях информационного общества цифровизация системы образования повышает качество обучения, развивает познавательную активность и исследовательские навыки учащихся. Химия насыщена абстрактными понятиями и требует формирования практических умений, что делает использование цифровых ресурсов особенно актуальным. Цифровые технологии обеспечивают визуализацию сложных процессов, интерактивное взаимодействие и индивидуальный подход, стимулируя интерес к предмету и формируя научное мышление.

В рамках исследования проведено анкетирование 23 учителей химии и 220 учащихся 8–11 классов Алмалинского района города Алматы. Результаты показали, что цифровые инструменты способствуют персонализации обучения и внедрению наглядных активных методов, однако часть педагогов отметила недостаточный уровень цифровой грамотности.

Рассмотрены преимущества и ограничения платформ Bilimland, VirtualLab,

Chemist и Labster. Использование этих ресурсов учитывает индивидуальный темп освоения материала, развивает практические навыки в безопасной виртуальной среде, вовлекает учащихся в научные проекты и способствует подготовке к олимпиадам.

Предложенные методические рекомендации и программы повышения квалификации педагогов, а также интеграция виртуальных лабораторий в школьный курс создают условия для эффективного и доступного обучения, включая дистанционный формат.

Ключевые слова: цифровые технологии, химия, общеобразовательная школа, виртуальная лаборатория, персонализация обучения, визуализация, интерактивность.

Кіріспе. Қазіргі ақпараттық қоғамда білім беру саласының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – білім сапасын арттыру, оқытудың тиімділігін жоғарылату және заманауи технологияларды білім беру процесіне кіріктіру. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін, соның ішінде химияны оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығы артып келеді. Химия пәні күрделі ұғымдарға толы болғандықтан, визуалды және тәжірибелік тәсілдерді қажет етеді. Осы орайда цифрлық құралдар арқылы оқытудың сапасын жақсартуға зор мүмкіндік бар. Цифрлық технологиялардың білім беру саласына енгізілуі оқытушылардың контент жеткізу әдісін және студенттердің материалмен өзара әрекеттесуін түбегейлі өзгертті (Әуезов, 2013). Химия білімінде цифрлық құралдар оқу үдерісін жақсартуға, түрлі оқыту әдістерін қолдауға және тәжірибелік эксперименттердегі олқылықтарды жоюға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Химия білімінде цифрлық технологиялар кең ауқымды құралдарды қамтиды, оның ішінде виртуалды зертханалар, симуляция бағдарламалары, интерактивті қосымшалар, онлайн ресурстар және мультимедиялық платформалар бар. *PhET Interactive Simulations, Labster, ChemCollective және Molecular Workbench сияқты құралдар химиялық реакцияларды, молекулалық құрылымдарды және зертханалық әдістерді виртуалды ортада көрсету үшін кеңінен қолданылады. Цифрлық құралдардың химия біліміндегі негізгі артықшылықтарының бірі - студенттердің күрделі концепцияларды түсінуін жақсартуға мүмкіндігі. Интерактивті симуляциялар студенттерге айнymалыларды басқаруға және олардың әсерін нақты уақытта бақылауға мүмкіндік береді, бұл химиялық реакциялардағы себеп-салдарлық байланыстарды терең түсінуге көмектеседі (Hansen, 2021). Molecular Workbench сияқты бағдарламалар химиялық процестердің молекулалық деңгейдегі көрінісін ұсынады, абстрактылы идеяларды студенттер үшін қолжетімді етеді (Barab, et al., 2020). Бұл платформалар шектеулі ресурстармен дәстүрлі сыныптарда қайта жасау қиын болатын оқу тәжірибесін жасауда көмектеседі. Цифрлық технологиялардың химия біліміндегі болашағы айқын, жасанды интеллект (AI), кеңейтілген шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) салаларындағы жаңа үрдістермен бірге. AI негізделген платформалар жеке оқу

жолдарын ұсына алады, ал AR және VR технологиялары студенттерді химиялық ортаға толықтай енуге мүмкіндік береді, олар молекулалық құрылымдарды зерттеп, эксперименттер жүргізе алады (Cheng, et al., 2022).

Сонымен қатар, интуитивті, пайдаланушыға ыңғайлы интерфейстердің дамуы цифрлық құралдардың студенттер мен мұғалімдерге қолжетімділігін арттырады. Технологиялар оқу бағдарламаларына көбірек енгізілген сайын, дәстүрлі және цифрлық оқытуды біріктіретін болашақ білім беру құрылымдары пайда болады, бұл химия білімін кең ауқымда және қызықты етіп дамытуға ықпал етеді. Білім беру бағдарламаларының жаңаруы білім беру үдерісінің моделінің жаңа түрін, жаңа оқулықтар мен оқу-құралдарын, оқыту бағдарламаларының, жаңа оқыту әдіс-тәсілдерінің даярлануын талап етеді. Мектептегі жұмысты оқытуды жекешелендіру және білім алушыға жеке қабілеттерін дамыта отыра негізгі стандартты оқу бағдарламасын өзінше игеруге мүмкіндік беретін жағдай жасау арқылы жаңа деңгейге шығаруға болады. Заманауи ақпараттық қоғамдағы көптеген өзгерістер тек оқу бағдарламасында ғана емес, сондай ақ оқу материалдарында да өз бейнесін табуы қажет. Қазіргі таңда дәстүрлі қағаз бетіндегі оқу материалдары өзектілігін жоғалтуда. Оның орнына цифрлық технологияларға қызығушылық оянып жатыр. Бұл материалды ресурстарды үнемдеуге, денсаулыққа зияны жоқ технологияларды қолдану, оқу материалын тиімді игеруге, пәнаралық байланысты айқындауға, ақпараттық технологиялар дағдыларын қолданудың кешенін қалыптастыруға көмектеседі.

Жалпы білім беру саласын цифрландыру Қазақстанда 1997 жылдан, білім беру саласын автоматтандырудан басталады. Алайда цифрландыру үдерісінің қатысушыларының қызығушылықтары мен атқаратын міндеттерін қоғамдық өмір саласында реттеудің қажеттілігі ашық түрде байқалды. Сондықтан 2017 жылдың 12 желтоқсанында қосылған “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру жүйесін ақпараттандыру арқылы жаңа индустриаларды өркендетудің сипаты айқындалды. Оның басты себебі, ақпараттанған қоғам құру үшін цифрлық экономиканы игерген құзыретті мамандар ауадай қажет. Ал олардың дайындығы үшін білім беру жүйесін, кәсіби даярлықты, білім беру бағдарламаларын мектептен бастап цифрлық экономика қажеттіліктеріне сай модернизациялау керек. Көрші мемлекеттердің тәжірибелеріне сүйене отыра, білім беруді ақпараттандырудың заңнамалық міндеттерінің орындалуын қадағалау қажет, соның ішінде (Коптелова, 2023):

- цифрлық технологияны экономика мен әлеуметтік салаға тез енгізу;
- қазақстандық білім берудің жаһандық бәсекелестігін қамтамасыз ету;
- заманауи және қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын құру (білім берудің барлық түрлері мен деңгейлерін, жоғары сапаны қамтамасыз етуі міндетті).

Білім жүйесін цифрландыру, әлбетте, білім үдерісі мен сапасына айтарлықтай әсер етеді. Мектеп бағдарламасының үдерісіне енгізілетін жаңа технологиялар оқушыларды жай лекция материалдарына қарағанда қатты қызықтыруы мүмкін. Мысалы, орталық Англиядағы Грейндж мектебінде Грейнджтон “қаласы” қаланған. Грейнджтонда телевизия мен радиостанция

құрылып, ол балаларға шынайы өмірдің жағдайларында өз дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді (Мырзабекова, 2021).

Білім беруде цифрлық технологияларды қолдану барысында жаңа цифрлық “стимулдарды” орнату, сабақ кезінде не сабақтан тыс уақыттағы шараларда медиадидактикалық материал түрімен жұмыс жасау, цифрлық контент құру кезінде жобалық технологияларды қолдану, пәнаралық құзыреттілікті оқушыларда қалыптастыру, медиажобалауды педагогикалық технология ретінде түсіну сияқты мақсаттар алға тартылады.

Цифрлық технологияларды қолданудың ерекшеліктері:

1. Білім алушылардың танымдық әрекеттерін белсендіреді, оқудағы оң мотивацияны күшейтеді;
2. Сабақтарды жоғары эстетикалық, эмоцианалдық деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді, дидактикалық материалдың үлкен көлемін қолдануды талап еткендіктен көрнекілік пен визуализацияны қамтамасыз етеді;
3. Сабақ кезіндегі орындалатын тапсырма 1,5-2 есе артып, дифференциация мен жекешелендірудің жоғары деңгейі орнайды;
4. Өзіндік жұмыс жасауға мүмкіндік үлкейеді, жобалық-зерттеушілік дағдылары қалыптасады;
5. Әртүрлі ақпараттық жүйелер мен электронды кітапханаларға, ақпарат көздеріне қол жеткізу қамтамасыздандырылады.

Цифрлық технологиялар бірнеше түрге жіктеледі: атқаратын қызметі бойынша, ақпарат көзі бойынша, оқыту-методикалық қызметі бойынша, ақпарат түрі бойынша, мазмұны бойынша, білім алушылардың мақсатты тобы бойынша, қолданыс кезіндегі түрі бойынша және т.б. (Наренова, 2018).

Негізгі ережелер. Компьютерлік технологияларда оқушыларды сапалы жаңа деңгейде оқытудың сарқылмас мүмкіндіктері бар, әсіресе химияны оқыту барысында цифрлық технологияларды қолдану өзекті мәселе болып табылады. Цифрлық технологияларға қолжетімділіктің болуы химия пәнінің мұғаліміне оқытудың әртүрлі деңгейлерінде электронды кітаптардағы, оқу-құралдарындағы сәтті фрагменттерді, кесте түріндегі материалдарды, аудиожазбалар мен презентацияларды, видеоматериалдар мен тестілеудің электронды бағдарламаларын, ғаламтордағы білім беру ресурстарын қолдануға үлкен мүмкіндік береді (Степанов, 2019).

Химияны оқыту кезіндегі цифрлық білім беру ресурстары – бұл цифрлық түрдегі фотосуреттер, видеофрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындықтың нысандары мен интерактивті модельдеу үлгілері, картографиялық материалдар, графика мен виртуалды зертханалар. Химия пәні бойынша ЦТ қолдану мұғалімге мына жағдайларда көмек көрсетеді:

- сабаққа дайындалу және жүргізу кезінде;
- білім алушыларға үй жұмысын орындау кезінде;
- білім алушыларға өзіндік жұмыс жасаған кезінде.

Білім беруде цифрлық технологияларды қолдану барысында жаңа цифрлық “стимулдарды” орнату, сабақ кезінде не сабақтан тыс уақыттағы шараларда медиадидактикалық материал түрімен жұмыс жасау, цифрлық контент құру кезінде жобалық технологияларды қолдану, пәнаралық құзыреттілікті оқушыларда қалыптастыру, медиажобалауды педагогикалық технология ретінде түсіну сияқты мақсаттар алға тартылады.

Химия пәнінде сандық технологияларды қолданудың ерекшеліктері:

1. **Қауіпсіздік және материалдық шығындардың азаюы;**
2. Молекулалық және макроскопиялық деңгейде зерттеу;
3. Интерактивті және бейнемазмұнды оқыту;
4. **Жеке білім беру траекториярына қалыптастыру;**
5. Әртүрлі ресурстарды біріктіру;

Цифрлық технологиялар бірнеше түрге жіктеледі: атқаратын қызметі бойынша, ақпарат көзі бойынша, оқыту-методикалық қызметі бойынша, ақпарат түрі бойынша, мазмұны бойынша, білім алушылардың мақсатты тобы бойынша, қолданыс кезіндегі түрі бойынша және т.б.

Зерттеу материалы мен әдістемесі. Химия сабақтарында оқу процесін цифрландыру тәжірибесі. Білім беруде «оқулықтардың электронды түрлері» пайда болғаннан кейін олардың нақты жүйелі іске асырылуы білім беру платформалары түрінде пайда болды. Және цифрлық ресурстарды оқу үдерісіне біріктіруге мүмкіндік береді.

Ғаламтор кеңістігінде сабақ пен сабақтан тыс уақытты жүргізу мен даярлауға арналған материалдардың үлкен таңдауы бар.

1. Ғаламтор көздеріне шолу жасасақ, Қазақстанда химия пәніне қатысты Цифрлық білім беру ресурсы бар – Bilim Media Group . Бұл ресурс жалпы және бастапқы кәсіби білім беруге арналған Білім беру жүйесін ақпараттандыру жобасының аясында құрылған болатын. Білім беру контентіне негізделген 40 мыңнан аса материал базасы сақталған. Мектеп оқушылары үшін пайдалы ресурс. Ол сонымен қатар, оқушыларды қашықтан оқыту кезінде де аса қажетті, себебі, цифрлық интерактивті сабақтары, халықаралық стандарттарға негізделген курстар, виртуалды зертханалар мен видеосабақтардың жиынтығы бар.

2. Elorda-mektep.kz – елордалық оқушыларға арналған астана қаласының әдістемелік орталығының тапсырысымен жасалған электронды мектеп порталы. Ресурс мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік техникалық білім беру деңгейлеріне арнайы бағытталған. Цифрлық технология толығымен жетілдірілмесе де, қосымша, арнайы, кәсіптік білім беру базаларымен және электронды кітапханасымен ерекшеленеді.

3. Kundelik.kz – Қазақстанның білім беру саласына арналған ыңғайлы, заманауи ақпараттық білім беру порталы, электронды құжат. Педагогтарға, ата-аналарға және оқушыларға өзара іс-қимылды қатар жүргізуге мүмкіндік беретін жүйе. Бұл ресурстың қызметінің басты бағыты коммуникация интерактивін өрбіту, мектептің экожүйесіне қызмет ету, қашықтан білім берудің мүмкіндіктерін қамтамасыздандыру.

4. Daryn.online – 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындауға көмектесетін Қазақстандық платформа. Барлық пәннен тесттер, видеосабақтар жинақталған. Платформада тікелей эфир сабақтары мен куратор, ментормен кері байланыс қызметтері де қарастырылған.

Мектеп оқушыларын қашықтан оқыту кезінде қолданылатын шет елдік ғаламтор ресурстары:

1. Coursera
2. Google Classroom

3. Canvas

4. Microsoft Teams

Оқу кезіндегі коммуникацияны қамтамасыз ететін құралдар:

1. Әлеуметтік желілер.
2. Мессенджерлер (Skype, Viber, WhatsApp, Telegram)
3. Яндекс, Google, Mail сияқты бұлтты жүйелер
4. Zoom – видеоконференция арқылы байланыс
5. Miro виртуалды тақтасы.
6. Padlet, Classroom, Gynzy интерактивті тақталары

Қашықтан оқытуды жүргізудің тиімді құралы – презентация, мәтіндер, аудио және видео сияқты әртүрлі форматтағы файлдарды жүктеуге мүмкіндік беретін топтық чаттар, видео және тікелей трансляциялар.

Химия сабағында фрагментті түрде қолдануға болатын ғаламтор ресурстары: www.virtulab.net орыс тіліндегі виртуалды зертхана. Мұндағы интерактивті сабақтарды, зертханалық жұмыстарды балалармен үй жағдайында да жүргізе берсе болады. Мұғалімдер болса виртуалды зертханалық жұмыстарды лекциялық материалдарға қосымша ретінде қолданса болады.

Д.И. Менделеевтің динамикалық кестесі.

Химия пәнінен интерактивті тренажерлар.

www.thoisoil.ru – химиялық элементтер жайлы видеолар

www.twig-word.com – білім беру ресурсы. Ол оқушылар мен мұғалімдерге түрлі ғылыми тақырыптарды зерттеуге арналған интерактивті құралдар мен мазмұнды ұсынады.

Classin.com – химиядан 180-дей дайын зертханалық жұмыстар бар.

www.melscience.com – STEM химиялық зертханалық жұмыстар

Цифрлық зертханаларды химияның мектептегі курсын үйрету кезінде қолдануға мысалдар келтірсек



1-сурет. Химия пәнінен зертханалық жұмыстары жүргізуге арналған цифрлық технологиялар.

Әрі қарай біз химия пәнінен, біздің ойымызша, ақпаратты және пайдалы саналатын кейбір қосымшаларды қарастырамыз.


- “Virtual orbital” - бұл қосымшаны кез келген ұялы құрылғыға

жүктеп алса болады. Ағылшын тілінде жасалған, алайда қатты қиындық тудырмайды. Қосымшаны ашқан кезде басты бет ашылады, кейін start батырмасын басса, атомдық орбитальдың моделі және сол жақ бұрышта оның формуласы шығады. Бұл қосымшаның артықшылықтары оның түсініктілігі, интерактивтілігі, модельдерді әртүрлі ракурстан өзің қарай алу мүмкіндігі. Ал кемшіліктері тек бір тілде ғана құрылғандығы (ағылшын тілі), теорияның аздығы (Черных, 2019).

- Келесі қосымша “Unreal Chemist”. Аталған қосымша бірнеше қосылыстардың реакциясын көрсетеді. Әртүрлі металдардың, тұздардың жану үдерісін бақылауға болады. Бұл платформаның артықшылығы өмірде, сабақ уақытында көрсетуге қиындық тудыратын, қауіпті реакцияларды ұсынады. Мысалы, сілтілік металдың сумен реакциясы (жарылыс түзіледі). Жоғары жағында реакцияның теңдігі көрсетіледі, сонымен қатар, реакция температурасын, жылдамдығын өздігінен өзгертуге болады. Кемшілігі, ағылшын тілінде ғана құрылған, ақылы контент және химиялық қосылыстардың аз жиынтығы.

- Көрші мемлекет Ресейдің IT мамандары ұсынатын “Химаша”, “Инструментальный ящик Химия”, “Химия X10”, “Химик” қосымшалары да Қазақстандық мектеп оқушылары арасында танымал екен. Бұл қосымшалардың интерфейсі қарапайым, түсінікті, орыс тілінде берілген. Барлығының кемшілігі – тегін нұсқасындағы материалдың аз болуы.

